

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 977 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.07 № 1180 (2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 182-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	26 шілдедегі
№ 977 қаулысымен	
бекітілген	

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесі

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдары дербес пробациялық бақылау құралдарынан, техникалық құралдардан және мониторинг құрылғыларынан тұрады.

1. Дербес пробациялық бақылау құралдары:

1) радиоэлектрондық білезік (қашықтықтан сәйкестендіру және оның жүрген жерін қадағалау мақсатында шартты түрде сотталған адамның денесіне тағуға арналған, рұқсатсыз шешу мен корпусы ашуды бақылаудың ішіне орнатылған жүйесі бар электрондық құрылғы);

2) дербес трекер (ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің дабылы бойынша қашықтықтан сәйкестендіру және оның жүрген жерін қадағалау мақсатында шартты түрде сотталған адамның денесіне тағуға арналған

, рұқсатсыз шешу мен корпусы ашуды бақылаудың ішіне орнатылған жүйесі бар
э л е к т р о н д ы қ к ұ р ы л ғ ы) ;

3) стационарлық бақылау құрылғысы (үй-жайда немесе белгіленген аумақта болу режимін бақылау үшін радиоэлектрондық білезік дабылын үздіксіз тәулік бойы қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ радиоэлектрондық білезікті шешуге және бұзуға әрекет етуді және өзге бұзушылықтарды хабарлауды қамтамасыз ететін электрондық құрылғы);

4) мобильді бақылау құрылғысы (шартты түрде сотталған адамның белгілі бір жерден тыс болған кезде стационарлық бақылау құрылғысымен жарақталған радиоэлектрондық білезікпен бірге тағуға арналған, ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің дабылдары бойынша оның орналасқан жерін қадағалауды, сондай-ақ радиоэлектрондық білезікті шешуге және бұзуға әрекет етуді және өзге бұзушылықтарды хабарлауды қамтамасыз ететін электрондық құрылғы) ;

5) трансляцияның стационарлық құрылғысы (ГЛОНАСС/GPS жаһандық навигациялық спутник жүйесінің дабылдарысыз үй-жайда радио дабылды шығаруға және дербес трекердің жұмысын қамтамасыз етуге арналған электрондық құрылғы) ;

б) дыбыс-бейне бақылаудың стационарлық құрылғысы (шартты түрде сотталған автоматты адамды түрде көзбен шолуға және дауысымен сәйкестендіруге арналған электрондық құрылғы);

7) фотоэлектрхимиялық бақылаудың стационарлық құрылғысы (автоматты түрде көзбен шолып бақылау және сәйкестендірілетін шартты түрде сотталған адамның ауаға дем шығаруы арқылы қанындағы алкогольдің көлемін анықтауға арналған электрондық құрылғы) .

2. Мониторингтің техникалық құралдары мен құрылғылары:

1) мониторинг сервері (қашықтықтан сәйкестендіру, ақпаратты алу, өңдеу, сақтау және беру жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

2) дыбыс-бейне бақылау сервері (көзбен шолу және дауысты сәйкестендіру, ақпаратты жазу, өңдеу, сақтау және беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

3) оператордың автоматтандырылған жұмыс орны (шартты түрде сотталған адамның белгіленген шектеулерді орындауы туралы ақпаратты өңдеуге және бейнелеуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен);

4) мониторингтің мобильдік пульті (радиоэлектрондық білезіктердің және дербес трекерлердің дабылдарын қабылдауды және сәйкестендіруді, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамның белгіленген шектеулерді орындауы туралы

ақпаратты өңдеуді және бейнелеуді қамтамасыз ететін портативті тасымалды құрылғылардың кешені).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ